

1. Жағдаяттық тапсырма: 40-жасар Газизов, алкогольден масаң күйінде бола тұра, үйге қайтып келгенде ас үйде болған өз ата-анасынен ішімдік алу үшін ақша талап етті. Газизовтың әкесі оған кетуді сұрайды, бірақ Газизов өз айтқанында тұрады. Әкесі мен ұлының арасында ұрыс орын алады, Газизов жұдырықпен әкесінің бетінен ұруға әрекет жасады. Әкесі соққыдан бұлтарып үстелдің үстінде жатқан ас пышағын алып ұлының жамбасына бір соққы жасады. Содан кейін Газизов әкесінен қашуға әрекет жасап үйінен кіреберіске, одан далаға жүгіріп шығады.

Газизовтың әкесі ұлын қуалап далада оған мойынның, ішінің және қолының тұсына 5 шаншылған-кесілген жарақат жасаған. Шуға жүгіріп шыққан Газизовтардың көршілері Газизовтың әкесінің әрекеттерін тоқтатты. Пышақпен келтірілген жарақаттардан Газизовтың ұлы оқиға болған жерде қайтыс болды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Газизовтың ұлы ұзақ уақыт бойы еш жерде жұмыс істемейтіндігі, жүйелі түрде спирттік ішімдікке салынып жүргені, өзімен бірге тұрып жатқан ата-анасына зорлық-зомбылық қолданғаны анықталған.

Газизовтың әкесінің әрекетін саралаңыз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Газизовтің әкесінің іс әрекетін ҚР ҚК 99 бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

2. Жағдаяттық тапсырма: Колледж студенті 17-жасар Кулагина ата-анасынан өзінің жүктілігін жасыра отырып, жатақхана бөлмесінде бала туған. Босану кезінде оның құрбысы Ахановада болған, ол Кулагинаға босануға көмек көрсеткен.

Іле-шала босанғаннан кейін жатақхана бөлмесінде Аханова мен Кулагина баланы целлофан пакетіне салып оны көрші үйдің қоқсық контейнеріне апарып тастады. Таңертең баланың мәйіті сыпырушымен табылды, ол өзінің «табылған заты» туралы полицияға хабарлады. Сот-медициналық сараптаманың қорытындысының нәтижесі бойынша бала тоңазыту салдарынан қайтыс болды.

Кулагина мен Аханованың әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Кулагинаның іс әрекетін ҚР ҚК 100 бабы бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Аханованың іс әрекетін ҚР ҚК 99 бабының 2 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

3. Жағдаяттық тапсырма:Қоғамдық орында балағат сөйлегені үшін Асқаров полиция қызметкерлері Старов және Стамкуловпен ұсталынды. Ұстап алу кезінде полиция қызметкерлері балағат сөйлеуді тоқтатпаған Асқаровтың денесіне бірнеше рет соққы келтірді. Старов жанжалқойдың басынан ұрған кезде, Асқаров қалтасынан бұрауышты алып шығып онымен Старовтың жүрегінің маңында екі соққы жасады. Старов алған жарақаттан сол жерде қайтыс болды.

Асқаров өз айғақтарында полиция қызметкерлері оған күш қолдану бастаған кезде онда кенеттен туындаған қатты жан күйзелісі пайда болып соның салдарынан ол полиция қызметкеріне жарақат келтіргенін тергеушіге мәлімдеді.

Соттық психологиялық-психиатрлық сараптама нәтижелері бойынша қылмыс жасаған сәтте Асқаров шынайы кенеттен туындаған қатты жан күйзелісінде болған.

Асқаровтың әрекеттері құқыққа қайшы келеді ма? Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Асқаровтың іс әрекетін ҚР ҚК 101 бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

4. Жағдаяттық тапсырма:Заиров пен Конин спирттік ішімдік ішу кезінде өздерімен бірге ішіп отырған өз бастықтары Махановқа әзілдеуді шешеді. Ол екеуі мас болған Махановты шап беріп ұстап алып оны көлге лақтырып жібереді. Жүзу білметін Маханов бата бастайды, бірақ не Заиров не Конин өз өмірлеріне қорқу салдарынан оған ешқандай көмек көрсеткен жоқ. Нәтижесінде Маханов суға батып кетті.

Үйге қайту жолында Конин полиция органдарына айыбын мойындап бару қажеттілігі туралы ойларын айта бастады. Қарақшылық үшін бұрын сотталған (соттылғандығы жойылған) Заиров жариялылықтан қорқып Конинның кеудесінен және ішінен пышақпен бірнеше рет соққы жасады, Конин өлді деген ойда кетіп қалады. Конинді жүргінші тауып алды, уақытында көрсетілген медициналық көмек арқасында Конин аман қалды.

Кінәлі тұлғалардың әрекеттерін саралаңыз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Заировтың іс әрекетін ҚР ҚК 104 бабы 1 бөлігі және 24баптың 3 бөлігі, 99 баптың 2 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Конинның іс әрекетін ҚР ҚК 100 бабы бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

5. Жағдаяттық тапсырма: Муканов сауда орталығында былагат сөйлегені үшін полиция бөлімшесіне жеткізілген, онда оған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылды, содан кейін жіберілді. Хаттаманы толтырғаны үшін кезекші Сарматовқа ашуланып, Муканов үйіне барып заңсыз сақтап жүрген «Макаров» тапаншасын алды. Сарматовтың полиция бөлімшесінен шыққанын тосып, Муканов одан хаттаманы жоюды талап етті. Жоюдан бастарқан Сарматовты Муканов атты, сол салдардан жәбірленуші екі күннен кейін қалалық ауруханасының реанимация бөлімшесінде қайтыс болды.

Кінәлінің әрекетінде қандай қылмыс құрамның белгілері қарастырылады? Жасалған әрекетті саралаңыз.

Жауап

Мукановтың іс әрекетін ҚР ҚК 380-1 бабының 1 бөлігі және 287 бабының бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

6. Жағдаяттық тапсырма: Барановтың меншік үйінде оның өзі және мүгедек-креслосындағы мүгедек көршісі Цой арасында ұрыс пайда болды, ұрыс кезінде Баранов Цойдің мүгедек-креслосын тартып алды.

Ұрыстан кейін Баранов Цойды өз үйінде қалдырғысы келмеген, оны түн ортасында далаға алып шығып сырқы киімсіз 30-градус аязда қардың үстінде қалдырып кетті. Нәтижесінде Цой тоназыту салдарынан қайтыс болды.

Кінәлінің әрекетінде қандай қылмыс құрамның белгілері қарастырылған? Жасалған әрекетті саралаңыз.

Жауап

Барановтың іс әрекетін ҚР ҚК 99 бабының 2 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

7. Жағдаяттық тапсырма: 12 жасар Нариман Актюевтардың бақытты толық отбасында тәрбиеленген, молшылықта өмір сүрген. Актюевтар баладан ол асырап алынғанын жасырған. Олардың көршісі, қорғаншылық және қамқоршылық органдары қызметкері Буриев, асырап алынған фактісі туралы білетін, «жан мейірімділігімен» Нариманға шындықты айтып берді, бала күрт өзгерді: өзіне тұйықталып, үйден қашты, сабағын жаман оқи бастады. Баланың ата-анасы онымен әңгімелесіп, неге мінезі өзгергенін түсінуге тырысады. Нариман ата-анасына ештеңе айтпады.

Сонымен бірге, көрші Буриев ата-анасы асырап алған баланы өзінің туған кіші баласын сияқты жақсы көре алмайды деп балаға бірнеше рет айтқан.

Түндердің бірінде бала өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізуге тырысқан. Бағына қарай, асылып өлуге арналған жіп үзіліп кетті.

Буриев пен баланың ата-анасы қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма? Кінәлі тұлғалардың әрекеттерін саралаңыз.

Жауап

Буриевтің іс әрекетін ҚР ҚК 138 бабы және 105 баптың 3 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Баланың ата-анасы қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

8. Жағдаяттық тапсырма: Пакердинов Зайцев пен Яхьяровқа көрші үйде орналасқан ломбардқа қарақшылық шабуыл жасауды ұсынды. Пакердинов өзімен бірге қорқыту мақсатында іс жүзінде атуға келмейтін тапанша түріндегі кәдесыйды алып шықты. Шабуыл ниетін жүзеге асыру барысында Пакердинов, Зайцев және Яхьяров Хазанованың көлігін иемденіп алды, олар оны жүріп-тұру және жымқырылған мүлікті тасымалдауға пайдалану үшін, келешекте сатып жіберуді жоспарлады. Пакердинов және Зайцев тапаншаны көрсетіп, Хазановаға өлтірумен қорқыта отырып, оны көлігінен алып шықты, қол-аяғын байлап, ауызын жауып, жолдың жиегіне қалдырып, өздері көлікпен кетіп қалды.

Кінәлі тұлғалар қаладан шығуға әрекет жасаған кезде полиция қызметкерлерімен ұсталынды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында аталған тұлғалар не үшін Хазанованың көлігін иемденгені, сонымен қатар ломбардқа қарақшылық шабуыл жасауға дайындалғандары анықталған.

Хазановаға зиян келтірілмеген.

Пакердинов, Зайцев пен Яхьяровқа қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма? Кінәлі тұлғалардың әрекеттерін саралаңыз.

Жауап

Аталған тұлғалардың іс әрекетінде екі қылмыстық көрініс болуына байланысты, іс-әрекеттерін ҚР ҚК 192 бабының 2 бөлігі және 24 баптың 1 бөлігі 192 бабының 2 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

9. Жағдаяттық тапсырма: Накипов және Муканов, алдын ала келісіп, жымқыру мақсатында Чекешеваның пәтеріне заңсыз кірген. Олар пәтерден жалпы 580.000 тенге сомасына ақша және зергелік бұйымдарды ұрлаған. Накипов Мукановқа далаға шығып және оны есік алдында күтуді бұйырды. Накиповтың өзі пәтерден тағы не алуға болатынын қарауды шешті,

жататын бөлмеде қатты алкогольді мас күйінде болған Чекешеваны тауып алды.

Накипов оның киімін шешіп, қолын байлап, оған қарсы зорлау жасады. Жәбірленуші оған қарсы арыздану мүмкін екенін ұйғарып, өлтіру мақсатында Накипов жәбірленушіні жұдырықпен беттен және денесінен бірнеше рет ұрып, белбеумен тұншықтыруға тырысты. Содан кейін ол жәбірленушінің мойынын алақанымен басып, кеудесінің сол жағына екі рет пышақпен соққы жасады. Жәбірленуші қайтыс болды деп ойлап, ол пәтерден шығып кетті.

Сот-медициналық сараптама нәтижесінде Чекешеваның денсаулығына ауыр зиян келтірілді деп көрсетілген.

Кінәлі тұлғалардың әрекеттерін саралаңыз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Накиповтың іс әрекетін ҚР ҚК 188 бабының 2 бөлігі; 120 бабының 2 бөлігі; 24 баптың 3 бөлігі және 99 бабының 2 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Мукановтың іс әрекетін ҚР ҚК 188 бабының 2 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

10. Жағдаяттық тапсырма: Зейнеткер Гизатулина мерзімді басылымдарға жазылуға қаржы жағдайы болмағандықтан бір жыл бойы кіреберісте бірге тұратын көршілердің пошта жәшіктерінен газеттер мен журналдарды иемденіп отырған. Келтірілген зиянның жиынтығында жалпы көлемі 56.000 теңгені құрады.

Бұдан басқа, ол өз әуестігінен көршілерге жіберілген хаттарды пошта жәшіктерінен алып, оларды ашып және мазмұндарымен танысқан. Хаттардан алынған мәліметтерді Гизатулина көршілердің арасындағы қастық әрекеттер жасап және ұрыстарды тұтату үшін қолданған. Солай, ол Хановаға оның күйеуіне бірінші сезім туралы жылылықпен есіне түсірген бұрынғы сыныптасымен жіберілген хатын берген. Ханова сол хатты оқып, күйеуіне қызғаныштан ұрыс шығарып одан кетіп қалды.

Гизатулинаның әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар ма? Жауабыңызды негіздеңіз.

Жауап

Гизатулинаның іс әрекетін ҚР ҚК 188 бабының 1 бөлігі және 148 бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

11. Жағдаяттық тапсырма: Экономикалық колледж директоры Галымханов, қызметкерлермен қызметтік телефондарды өзіндік мақсатта қолданудың жолын кесу үшін, өзінің танысы қылмыстық-атқару мекемесінің бұрынғы қызметкері Адильбаевтан колледждан жүргізілетін телефондық сөйлесулерді жасырын тыңдау жабдығын сатып алды.

Адильбаевтың көмегімен жабдықты орнатып, Галымханов бір ай бойы өзі іріктеу бойынша телефондық сөйлесулерді жасырын тыңдаған, соның негізінде колледждың үш қызметкеріне ағымдағы ай үшін, әрқайсысына 87.000 теңге сомасында, жалақысын төлемеуді шешті.

Галымханов және Адильбаевтың іс-әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар ма? Жауабыңызды негіздеңіз.

Жауап

Галымовтың іс әрекетін ҚР ҚК 148 бабының 3 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Адильбаевтың іс әрекетін ҚР ҚК 148 бабының 2 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

12. Жағдаяттық тапсырма: Мүлкіне, соның ішінде антикварлық заттарға, зиян келтіру қауіпін келтіріп, коллекция жинаушы Казбековтың пәтерінде төбеден су ақты. Қазбеков үстінде тұратын көршісі Жумалиевқа көтеріліп есігіне қоңырау шалды. Есікті ешкім ашпады. Сонда Казбеков ПИК – ке (пәтерлер иелерінің кооперативі) хабарласты, ол жерде учаскелік инспекторға хабарласу қажеттілігі туралы айтты. Учаскелік инспектор Аюпов мұндай істермен айналысуға құқығы жоқ екендігі туралы түсіндірді.

Сонда Казбеков құлып бұзып көршінің пәтерінің есігін өзі ашып кіріп суды жапты. Казбековке келтірілген зиянның жалпы сомасы 1.450.000 теңгені құрады.

Жумалиевтерге есікті бұзу нәтижесінде 60.000 теңге құрайтын сомасына зиян келтірілді.

Казбековтің әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?

Учаскелік инспектор Аюпов қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма? Жауабыңызды негіздеңіз.

Жауап

ҚР ҚК 34 бабына сәйкес Казбековтың іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері болмауы салдарынан қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Аюповтың іс әрекетін ҚР ҚК 204 бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

13. Жағдаяттық тапсырма: Испания азаматтары ерлі – зайыптылар Кьюри өздерінің таныстары Алматы қаласындағы қалалық аурухананың

дәрігері Шнуровқа өтінішпен жолықты, олар Қазақстаннан европалық ұлтты бес жасқа дейінгі ұл баланы асырап алу үшін көмек сұрады. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары арқылы жүргізілетін асырап алу ресми процедурасы тым ұзақ болғандықтан олар риза болмады. Кьюри баланы тез арада алғылары келген, сондықтан олар Шнуровты 30.000 евро үшін өз баласын асырауға беретін адамдарды тауып беруін сұрады. Шнуров аса ұзақ емес іздестіруден кейін ондай таныстарды таппады, бірақ ақшаны алғысы келді.

Балалар үйінің жанынан өтіп бара жатып, ол ойын алаңында тәрбиешісіз оңаша ойнап жатқан балаларды көріп қалды. Төртжасар баланы Шнуров алдау арқылы балалар үйінен, жолда Кьюри ерлі – зайыптыларға хабарласып, өз пәтеріне алып кетті. Баланы алып кетуге әрекет жасаған кезде ерлі – зайыптылар Кьюри Алматы теміржол вокзалында ұсталынды.

Есепте көрсетілген тұлғалардың әрекеттеріне заңи баға беріңіз. Жасалғанды саралаңыз.

Жауап

Ерлі – зайыптылар Кьюридің іс әрекетін ҚР ҚК 135 бабы бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Шнуровтың іс әрекетін ҚР ҚК 125 бабы және 135 бабы бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

14. Жағдаяттық тапсырма: Есжанова, перзентханада туған кезде «Даун синдромы» диагнозы қойылған, ұл бала туған. Күйеуі оны ауыру баламен тастап кетеді деп күдіктенген Есжанова акушер Варламованы 500.000 теңге ақы үшін өзімен қатар ұл туған, бірақ реанимация бөлімшесінде жатқан, Бекбаеваның баласына ауыстыруға көндірді.

Есжанованың ойы бойынша Бекбаева өз баласын көрмегеннен ауыстырып алынғанын байқамай қалады деп шешті. Акушер Варламова балаларды ауыстырды.

Кінәлі тұлғалардың әрекеттеріне баға беріңіз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Есжанованың іс әрекетін ҚР ҚК 136 бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Варламованың іс әрекетін ҚР ҚК 136 бабының 2 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

15. Жағдаяттық тапсырма: 12 – жасар Капустин және Ширманов түнгі уақытта тұрғын техника дүкеннің қоймасына жасырын кіріп, дүкенде ешкім

жоқ деп ойлап ұялы телефондарды ұрлауға тырысты. Бірақ ведомстводан тыс күзет жүйесіне қосылған дүкенге келген ведомстводан тыс күзет қызметкерлерімен қылмыстық құқық бұзушылық жасау орнында ұсталған. Ұстау кезінде олардың сөмкелерінде жалпы құны 1.200.000 теңгені құрайтын 12 ұялы телефондар табылған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Капустин және Ширманов жымқыру олармен сол дүкенде сатушы болып жұмыс істейтін Капустинның үлкен ағасының әсерімен жасалғандығы анықталған. Капустинның үлкен ағасы, егер олар жымқырудан бас тартса онда ұрып тастаймын деп қорқытқан. Капустинның үлкен ағасының өзі жымқыру жасауға қатыспаған.

Кінәлі тұлғалардың әрекеттеріне база беріңіз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Капустин және Ширманов жастық ерекшелігіне байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып табылмайды.

Капустинның ағасының іс әрекетін ҚР ҚК 132 бабы бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

16. Жағдаяттық тапсырма: Саябақта Мақсатов Сагитовадан құны 300.000 теңге құрайтын алтын моншағын жұлып алды. Жүргінші Габ Мақсатовты қуып жетіп оны басынан ұрып жерге құлатты, моншақты алып қойып оны жәбірленушіге қайтарып берді. Полиция қызметкерлері келгенше Габ Мақсатовты ешқайда жіберген жоқ.

Кейін жасалған соққы нәтижесінде Мақсатовпен бассүйек-миға қатысты жарақат алғаны анықталған, сот-медициналық сараптама қорытындысы бойынша оның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірілген.

Мақсатовтың әрекетін саралаңыз.

Габ қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма? Жауабыңызды негіздеңіз.

Жауап

Мақсатовтың іс әрекетін ҚР ҚК 191бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

ҚР ҚК 33 бабына сәйкес Габтың іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері болмауы салдарынан, қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

17. Жағдаяттық тапсырма: Саяжай массивы аумағында автобус аялдмасында кешкі ауқытта Алибасов пен Смирнов алдын ала сөз байласу арқылы құрбысынан қайтып келе жатқан 20-жасар Зуеваға зорлау мақсатында шабуыл жасады. Қарсыластықты жоққа шығару мақсатында

күшті қолдана отырып, Алибасов, содан Смирнов жәбірленушіге жыныстық қатынас жасады.

Зорлаудан кейін Смирнов Зуеваның қалталарын тексеріп, оның қарсыластығына қарамастан құны 120.000 теңгені құрайтын ұялы телефонын алып қойып, Алибасов жәбірленушінің сөмкесінен 15.000 теңге ақшаны суырып алды. Содан кейін кінәлілер оқиға орнынан қашып кетті.

Сот – медициналық сараптама нәтижесі бойынша Зуеваның денсаулығына жеңіл зиян келтірілді.

Жымқыру фактісі бойынша Алибасов пен Смирновтың әрекеттері адамдардың алдын ала байласу арқылы жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы жасалған қарақшылық ретінде сараланған.

Саралаумен келісесіз бе? Кінәлі тұлғалардың әрекеттеріне қылмыстық – құқықтық баға беріңіз.

Жауап

Алибаев пен Смирновтың іс әрекетін ҚР ҚК 120 бабының 2 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Зуевтың іс әрекетін ҚР ҚК 191 бабы бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

18. Жағдаяттық тапсырма: 15-жасар Дарменов супермаркетте Хасанов иелік еткен әмиянін тауып алған, оның ішінде кредиттік және банктік карталар және карталардың пин-кодтары жазылған қағаз болған.

Дарменов идентификациялық пин-кодты енгізіп, кредиттік картаны қолдана отырып банкомат арқылы Хасанов басқарушы директоры болып табылатын «Свежий ветер» компаниясының 230.000 теңгесін жымқырып алды.

Одан басқа, Дарменов банкомат арқылы банктік картаны қолдана отырып, идентификациялық (пин) кодты енгізіп, Хасановтың өзіндік шотынан 100.000 теңге алды.

Дарменов ұсталынды, оған қатысты ҚР ҚК 188 бабының 2 бөл. 2) тарм. бойынша бірнеше рет жасалған ұрлық бойынша қылмыстық іс қозғалды, себебі бұл факт бойынша жәбірленуші ретінде заңды тұлға «Свежий ветер» компаниясы және жеке тұлға – Хасанов танылған.

Дарменовтің әрекетін саралаумен келісесіз бе? Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Дарменовтың іс әрекеті ҚР ҚК 188 бабының 2 бөлігі бойынша дұрыс сараланған.

19. Жағдаяттық тапсырма: Утеулов және Казаченко, №1 облыстық ауруханасының хирургиялық бөлімшесінің дәрігерлері, бөлімше бастығы Жапаровпен, медициналық жабдықтар – бір рет пайдаланылатын шприцтер мен катетерлерді сату арқылы өздерінің материалдық жағдайларын «жақсартуды» шешеді.

Осы мақсатта олар операция кезінде қолданылған катетерлер мен шприцтерді және басқа да жұмсалған заттарды жуып содан кейін оларды медициналық техника және медициналық арнау бұйымдарын шығаратын ЖШС «Медфарм» құрушы Зиминге берген.

Қайта қапталған қолданылған медициналық жабдықтарды Зимин сол №1 облыстық ауруханада өткізу үшін фирма-жеткізушіге жіберіп отырған. «Үнемделген» тауар екінші айналым бойынша сатылып отырған. Сатудан түскен ақшаны дәрігерлер мен Зимин өз араларында бөліп алған.

Тергеудің мәліметінше, осылайша, кінәлілер 5 миллион теңгедан астам жалпы сомасында пайда түсірген. Бұдан басқа, шприцтер мен катетерлерді қайта өңдеу нәтижесінде 8 пациент «С» гепатиті және АИТВ/ЖИТС жұқтырған.

Кінәлі тұлғалардың әрекеттеріне база беріңіз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Кінәлі тұлғалардың іс әрекетін ҚР ҚК 323 бабының 2 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

20. Жағдаяттық тапсырма: Жеке кәсіпкер Галымов айыбастау пунктінде кездейсоқ кездескен белгісіз тұлғалардан өзінің қолма-қол ақшасын долларға ауыстыруды шешеді, себебі олар ауыстырудың неғұрлым қолайлы курсы ұсынған.

Бірақ, кейін анықталғандай, осы азаматтардан алынған 2.000 АҚШ доллары көлеміндегі ақша сомасы жалған болып шықты, кәсіпкер Галымов оларды өткізуді шешеді. Кредиттік ұйыммен есептеу жүргізу кезінде, оны құқыққорғау қызметкерлері ұстап алды. Тергеу кезінде Галымов жалған ақшаны онымен жасалған жоқтығын себеп етіп өзінің кінәлі еместігі туралы айтты.

Галымовқа байланысты осы істі қалай шешуге болады? Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Галымовтың іс әрекетін ҚР ҚК 231 бабы бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

21. Жағдаяттық тапсырма: Жеке нотариус Ильхамов, алаяқтықпен айналысып жүрген Қазақстан Республикасының азаматы – Мавродинмен,

Ресей Федерациясының азаматтары – Харламова мен Файзуллинмен қылмыстық сөз байласқан.

Аталған тұлғалар жарты жыл бойы азаматтардан пәтерлер сатып алумен айналысқан. Кейін бұл пәтерлер бірден бірнеше азаматтарға сатылған. Азаматтарға пәтерлер сатып алу және сату туралы әр келісім шарт нотариус Ильхамовтың мөрі және қолымен куәлардырылған. Нәтижесінде бірнеше адам пәтерсіз және ақшасыз қалған. Жәбірленушілерге келтірілген зиянның жалпы сомасы 52 миллион теңге құраған.

Кінәлі тұлғалардың әрекеттеріне баға беріңіз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Кінәлі тұлғалардың іс әрекетін ҚР ҚК 190 бабының 4 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Арнайы нормалардың бәсекелестігі барысында ең ауырлататын мән жайлар көрсетілген нормалар қолданылады.

22. Жағдаяттық тапсырма: 20 жасар жұмыссыз Васютин және оның 13 жасар інісі Миша компьютерлік техника дүкенінен бағасы 18.000 теңге тұратын екі флеш-карталарды жымқырды.

Дүкеннің жекеше күзет қызметтері қызметшісі Қозыбаевпен қашу кезінде Миша ұсталынған, ал оның ағасы ұрланған затпен қылмыстық құқық бұзушылық жасалған орнынан қашып кетті.

Ұсталған тұлға дүкеннің қоймасына жеткізілген, онда Қозыбаев оның сыбайлас қатысушы туралы мәліметтер анықтауға тырысты. Бірақ, ұсталған тұлға сұрақтарға жауап беруден бас тартты, соған байланысты Қозыбаев жасөспірімді ұрып тастады, оның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтірді.

Есепте көрсетілген тұлғалардың әрекеттерін саралаңыз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Қозыбаевтың іс әрекетін ҚР ҚК 107 бабы бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Васютинның іс әрекетін ҚР ҚК 191 бабының 1 бөлігі және 132 бабы бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

13 жасар Миша ҚР ҚК 15 бабына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды

23. Жағдаяттық тапсырма: «Азиякомпани» коммерциялық ұйымында өз еркімен директордың орынбасары жұмыстан кетті. Осы коммерциялық

ұйымның директоры Мынбаевқа кадрлар бөлімінің қызметкері Қазантаев оны босаған лауазымға ауыстыру туралы өтініш жасады.

Директор Мынбаев, қолайлы бұйрық шығараымын деп уәде беріп, Қазантаевтан 5.000 АҚШ долларын талап етті, осы сома төленбесе ешқандай лауазым ауыстыру туралы сөз болмайтынын айтты. Қазантаев директормен қойылған талапты орындады. Оны босаған лауазымға тағайындау туралы бұйрық шығарылды.

Есепте көрсетілген тұлғалардың әрекеттерін саралаңыз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Мынбаевтың іс әрекетін ҚР ҚК 252 бабының 5 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

24. Жағдаяттық тапсырма: Ерлі-зайыптылар Баймахановтар ортақ меншік шартында 3-бөлмелі пәтер сатып алды, сатып алу-сату келісім шарты жекеше нотариус Казаченкомен расталды. Жарты жылдан кейін ерлі-зайыптылар айырылысу туралы шешім қабылдады.

Айырылысу кезінде сотта ортақ меншікте бұрынғы әйелінің бөлігін азайту туралы Баймахановтың арызы қарастырылды. Баймаханов, ол пәтер сатып алу кезінде жұбайы айтарлықтай аз сома бергені туралы дәлелдеу үшін, сотқа куәгер ретінде жекеше нотариус Казаченконы шақырды.

Нотариус Казаченко ерлі-зайыптылар Баймахановтар ақшаны берген кезде болмаған, бірақ, Баймахановтан куәгерлік мәліметтер үшін сыйақы (500 АҚШ доллары) алып, Баймахановтың мүддесінде сотқа көрінеу жалған мәліметтерді айтты.

Есепте көрсетілген тұлғалардың әрекеттерін саралаңыз. Жауапты толық негіздеңіз.

Жауап

Баймахановтың іс әрекетін ҚР ҚК 422 бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Казаченконың іс әрекетін ҚР ҚК 420 бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

25. Жағдаяттық тапсырма: Шагиrow өзінің досы қару дүкеннің иесі Лашинға «ТТ» тапаншасын бір оқсауытымен бірнеше сағатқа қарызға бере тұру туралы өтініш жасады. Өзінің өтінішін өзінің доberman итінде құтыру бар екендігіне күдіктенетіні туралы және оны сол себепте өлтіру туралы шешім қабылдағаны туралы түсіндірген.

Лашин Шагиrowке қаруды қарызға берді және оған тапаншаны сол күні қайтарып беруді сұрады. Шагиrow қаруды алып сол күні қызғаныш негізінде өзінің әйелін өлтіріп тастады. Қылмысты жасаған жерінде ол тұтқындалды.

Шаги́ров және Лаши́нның әрекеттерін саралаңыз. Негізделген жауап беріңіз.

Жауап

Шаги́ровтың іс әрекетін ҚР ҚК 99 бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Лаши́нның іс әрекетінде қылмыстық құқықбұзушылық құрамының белгілері жоқ.

26. Жағдаяттық тапсырма: Вахидов бөтен мүлікті жымқыру жасау мақсатында топ құрып, оған Жаркенова, Чекай және Жоламановты тартты. Белгісіз тұлғадан топ «Макаров» жүйесіндегі тапаншасын сатып алған, оны жымқыру кезінде жәбірленушілерді қорқыту үшін қолдануға жоспарланған.

Вахидов зергерлік дүкеннен мүлікті жымқыру жоспарын әзірлеген, ол туралы топ мүшелеріне хабарлаған. 2016 жылдың 20 маусымында түнгі уақытта Вахидов және Жаркенов жоспарланған қылмыс орнына келді, бірақ, өтіп бара жатқан патрульдік полиция көлігін көріп қалып, ұсталынып қаламыз деп қорқып, олар жасырынып қалды. Вахидов жымқырудың жаңа жоспарын әзірлеген, сол жоспар бойынша Жаркенов, Чекай және Жоламанов полиция қызметкерлер формасын киіп, зергелік дүкеннің бөлмелеріне кіріп қарақшылық жасау керек болған.

2016 жылдың 30 маусымында Жаркенов, Чекай және Жоламанов полиция қызметкерлерінің формасына киініп дүкенге кірді. Зергелік дүкенде сатушы Малаев және күзетші Идрисов болған. Тапаншамен қорқыту арқылы олар Малаеваны байлап тастады. Чекай қарсылық жасауға тырысқан Идрисовтың басынан екі рет соққы жасады. Жалпы сомасы 8 миллион теңгені құрайтын зергелік бұйымдардың жымқыруын жасап олар қашып кетті. Ашық бас сүйек – ми жаракатынан Идрисовтың денсаулығына ауыр зиян келтірілді.

Есепте көрсетілген әрбір тұлғаның әрекеттеріне саралау жүргізіңіз. Жауабыңызды негіздеңіз.

Жауап

Кінәлі тұлғаларың іс әрекетін ҚР ҚК 192 бабының 4 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

27. Жағдаяттық тапсырма: Зейнеткер Шаповалов ішімдік үшін дезоморфин дайындауға және қолдануға нашақорларға өзінің пәтерін жалдауға берген. Шаповаловтың көршілері бірнеше рет полицияға және қоғамдық ұйымдарға хабарлаған, Шаповаловтың пәтеріне бірнеше рет келіп, оның қызметін тоқтатуды талап еткен, бірақ притон жұмысын жалғастырған.

2016 жылдың 13 желтоқсанында кешкі уақытта Шаповаловтың көршісі, 16-жасар нашақор қыздың әкесі Занутдинов полиция қызметкерлері оның қызын кіреберістен шығарып кележатқанын терезеден көреді.

Занутдинов далаға жүгіріп шықты, бірақ полиция патрулін қуып жете алған жоқ. Қатты ашуланып ол есік алдында жатқан арматураны алып притонға кетті. Шаповаловтың пәтер есігі ашық болған, үй иесінің өзі мас күйінде болған, Занутдинов Шаповаловқа бас салып зейнеткердің денесінің әр жерінен арматурамен көптеген соққы жасады, денсаулығына ауыр зиян келтірді.

Сот психолого-психиатриялық сараптаманың нәтижесі бойынша Занутдинов қылмыс жасаған сәтте қатты жан күйзелісінде болғаны анықталды.

Шаповаловтың және Занутдиновтың іс-әрекеттерін саралаңыз. Жауабыңызды негіздеңіз.

Жауап

Шаповаловтың іс әрекетін ҚР ҚК 302 бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

Занутдиновтың іс әрекетін ҚР ҚК 111 бабы бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

28. Жағдаяттық тапсырма: Галымов, аңшылыққа рұқсаты болмағандықтан, базарда белгісіз тұлғадан сатып алған тринитротолуол жарылғыш затын колдана отырып, Алматы мемлекеттік табиғи қорығында арқарға аңшылық жасады, содан кейін таудан түсіп жақын арадағы елді мекенінде тұрып жатқан өзінің танысы Литвинге арқардың мүшеленбеген тұтас етін сатып алуды ұсынды. Литвинов бұл жерде аңшылыққа тыйым салынғанын біле тұра, бірақ аңның тұтас етін алуға келісті және Галымовқа 50.000 теңге берді.

Литвин өзінің 14-жасар ұлын бірге алып, Галымовпен бірге джип автомобилінде тауға неғұрылым биікке көтеріліп, машинаны қалдырды, содан кейін жаяу кетті, арқардың тұтас етін бұзып, машинаға қайта келді. Арқардың бұзылған етін машинаның жүксалғышына салып жатқан кезде олар қорықшы және полиция қызметкерлерімен ұсталынды.

Есепте көрсетілген тұлғалардың әр қайсысының іс-әрекеттерін саралаңыз. Жауабыңызды негіздеңіз.

Жауап

Галымовтың іс әрекетін ҚР ҚК 337 бабының 4 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

29. Жағдаяттық тапсырма: Жүргізуші Ирбисов, түнгі сағат 3-те қаласыртындағы жарық жақсы түспейтін автомобильдік жолда, жылдамдық режимін сақтай отырып, жолдың тең ортасында қоңыр түсті киімде келе

жатқан жүргінші Марининді тым кеш байқап қалды, оны басып кетпес үшін, рөлін кенет бұрып, қарсы бетке шығып жолдың шетіндегі ағашқа соғылды. Нәтижесінде жүргізуші Ирбисовтің денсаулығына ауыр зиян келтірілді.

Маринин аман қалды. Сот-медициналық сараптама нәтижесі бойынша жол-оқиғасы болған кезде жүргінші Маринин қатты мас күйінде болғандығы дәлелденді.

Есепте көрсетілген тұлғалардың әрекеттерін саралаңыз. Жауабыңызды негіздеңіз.

Жауап

Марининнің іс әрекетін ҚР ҚК 351 бабының 1 бөлігі бойынша саралап, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

30. Жағдаяттық тапсырма: «Орман» ауылың тұрғыны Анваров, көшенің бір жағынан екінші жағына көлікпен кері жүріс қозғалысы кезінде, сақтық шараларын қолданбай жолды жаяу өтіп бара жатқан Мейрамованы қағып кетті, оның денсаулығына жеңіл зиян келтірілді. Жәбірленушіні қағып кеткеннен кейін Анваров тоқтады және жедел жәрдем шақыртты. Мейрамова облыстық ауруханасына жеткізілді.

Аурухананың кезекші дәрігері Дидаров Мейрамованы тексеріп, оған шамалы зиян келтірілгені туралы, сонымен қатар, аурухана пациенттердің көптілігінен тым толық екенін айтып, оны үйіне қайтарды. Мейрамоваға оның тұрғын жері бойынша дәрігерге қаралуын ұсынды.

Бірақ, алған жарақаттардың нәтижесінде Мейрамовада үш күн ішінде қатты қабыну пайда болды, ол ауруханаға жатқызылды, онда оң жақ саны тінінің некрозы пайда болып, ол ауруханада қайтыс болды.

Анваровтың әрекетін саралаңыз. Жәбірленушінің өлімі үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма? Жауабыңызды негіздеңіз.

Дәрігер Дидаров жауапкершілікке тартылады ма? Неге?

Жауап

Анваровтың әрекеті мен туындаған зардаптың арасында себепті байланыс болмауы салдарынан, қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Дидаровтың іс-әрекеті ҚР ҚК 317 бабының 3 бөлігі бойынша сараланып, қылмыстық құқықтық сипаттамасын беру.

1. Ситуационная задача: 40-летний Газизов в состоянии алкогольного опьянения, вернувшись домой, зашел в кухню, где находились его родители, и стал требовать деньги на покупку спиртного. Отец Газизова попросил его уйти, но Газизов продолжал настаивать. Между отцом и сыном произошла ссора, в ходе которой Газизов попытался ударить отца кулаком по лицу. Отец, уклонившись от удара, схватил со стола кухонный нож и нанес сыну один удар в область бедра. После этого Газизов, выбежал из дома в подъезд, затем на улицу, пытаясь убежать от отца.

Отец Газизова, преследуя сына, уже на улице, нанес последнему 5 проникающих колото-резаных ран в области шеи, живота и рук. Соседи Газизовых, выбежавшие на шум, пресекли действия отца Газизова. От нанесенных ножевых ранений сын Газизова скончался на месте происшествия.

В ходе досудебного расследования было установлено, что сын Газизова длительное время нигде не работал, систематически злоупотреблял спиртными напитками, часто применял в отношении родителей, с которыми проживал насилие.

Квалифицируйте действия отца Газизова. Подробно обоснуйте ответ.

Ответ

Действия отца Газизова можно квалифицировать по ч.1 ст. 99 УК РК и дать уголовно-правовую характеристику

2. Ситуационная задача: 17-летняя Кулагина, студентка колледжа, скрывая от родителей свою беременность, родила ребенка в комнате общежития. Во время родов присутствовала ее подруга Аханова, которая помогала Кулагиной в родовой деятельности.

Сразу же после родов в комнате общежития, Аханова и Кулагина поместили ребенка в целлофановый пакет и вынесли его в мусорный контейнер во дворе соседнего дома. Утром труп ребенка был найден дворником, который о своей «находке» сообщил в полицию. Результаты заключения судебно-медицинской экспертизы показали, что ребенок умер от переохлаждения.

Дайте правовую оценку действиям Кулагиной и Ахановой. Дайте обоснованный ответ.

Ответ

Действия Кулагиной можно квалифицировать по ст. 100 УК РК и дать уголовно-правовую характеристику.

Действия Ахановой можно квалифицировать по ч.2 ст. 99 УК РК и дать уголовно-правовую характеристику

